

Бердібаева С.Қ.,
Молдағалиев М.Ж.,
Садықова Н.М., Сатиева Ш.С.,
Бердібаев С.Қ., Белжанова К.А.

**Адам капиталын бағалау
көрсеткіші ретіндегі
стратегиялық психология**

Berdybaeva S.K.,
Moldagaliyev M.Zh.,
Sadykova N.M., Satieva Sh.S.,
Berdybaev S.K., Belzhanova K.A.

**Strategic psychology as
assessment of human capital**

Бердибаева С.К.,
Молдағалиев М.Ж.,
Садықова Н.М., Сатиева Ш.С.,
Бердибаев С.К., Бельжанова К.А.

**Стратегическая психология как
оценка человеческого капитала**

Мақалада психологияның жаңа саласының бірі стратегиялық психологиядағы адам капиталының мәселелері қарастырылады. Стратегиялық психология қазіргі адамдардың санасы мен мінезін түбегейлі өзгертетін әлемдік психологиялық, экономикалық және мәдени өзгерістердің психологиялық мәні туралы ғылыми білімдер береді. Стратегиялық психологияның назары болашақтың ықпалына түсетін адамға бағытталған. Өмірдің барлық салаларында орын алатын үздіксіз өзгерістер адамды оларға бейімделуге, олардың ықпалы нәтижесінде өзгеруге мәжбүрлейді. Қоғамның байлығы адамдармен тікелей байланысты емес, жалпы алғанда адам капиталының және материалдық (физикалық) капиталының жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Ақпараттық қоғам жағдайында адам капиталы ұлттық байлықты қалпына келтірудің негізгі факторы және оның қажетті элементі болып табылады. Үлкен әлеуметтік және экономикалық жетістіктер – бұл оқу, білім, денсаулық сақтау және тамақтану, сонымен қатар адам капиталын қалыптастыруды қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекет түрлеріне капитал салу нәтижесі болып табылады. Қазіргі уақытта техносфера, биосфера, қоғамдағы адам болашағы туралы сұрақтар туғызатын елеулі өзгерістер орын алып жатыр. Стратегиялық психологияның түйінді сұрақтарының бірі – болашақта әлем және онда тұратын адам қандай болады. Стратегиялық психологияның негізгі мәселелерінің бірі: адам капиталының психологиясы.

Түйін сөздер: стратегиялық психология, адам капиталы, адам капиталының қазіргі теориясы, ғаламдандыру, адам мүмкіндіктері, адам факторын жандандыру (активизациялау).

The article deals with the problems of human capital from the perspective of a new branch of psychology, strategic psychology. Strategic psychology gives scientific knowledge about the psychological nature of global political, economic and cultural changes that are radically changing the consciousness and behavior of modern people. The strategic psychology focus on the people under the influence of the future. Continuous changes taking place in all areas of life, make people adapt to change under their influence. The wealth of society as a whole can be viewed as a set of human capital and material (physical) capital, not directly associated with people. In the information society the human capital is the most important factor in the reproduction of the national wealth and an essential element. Big social and economic progress is a result of capital investments in education, training, health and nutrition, as well as other activities to ensure the creation of human capital.

Commonly used methods for inter-country comparison, according to which the system of indicators characterizing the relationship of macroeconomic and educational characteristics of a particular country, compared with the corresponding system while other countries. Human capital – it is not the real people and their productive capacity, ability, human skills that belong to him. Since all of these properties are merged with the living human person, which is not sold and not bought, then, according to one hundred human capital concept, are bought and sold a human capital services, which are a form of manifestation of productivity of human capabilities in themselves the labor process (production). Activation of the human factor should be analyzed in terms of the social and psychological aspects of employee labor activity, characteristic for a specific period. In these circumstances, no increase of the technical level defines the economic potential of the enterprise, and the human element, wherein the ability to create, innovate, produce new knowledge. It is in these days there are significant changes in the technosphere, biosphere, societies that put into question the future of man. What will the world of tomorrow and what will be a person who lives in this world – a key strategic question of psychology. The key strategic issue of Psychology: Psychology of human capital.

Key words: strategic psychology, human capital, the modern theory of human capital, globalization, human capital, the intensification of the human factor.

В статье рассматриваются проблемы человеческого капитала в ракурсе новой отрасли психологии в стратегической психологии. Стратегическая психология дает научные знания о психологической сущности глобальных политических, экономических и культурных изменений, которые радикальным образом изменяют сознание и поведение современного человека. В фокусе внимания стратегической психологии находится человек под влиянием будущего. Непрерывные перемены, происходящие во всех областях жизни, заставляют человека адаптироваться, изменяться под их воздействием. Богатство общества в целом можно рассматривать как совокупность человеческого капитала и материального (физического) капитала, напрямую не связанного с людьми.

В рамках современной теории человеческого капитала возникает необходимость оценки не только объема вложки в человеческий капитал, но и объема аккумулирован индивидуумом человеческого капитала. При этом подсчитывают стоимость общего объема чело капитала как для одного индивидуума, так и для всей страны. Широко используются методы межстранового сопоставления, в соответствии с которыми система показателей, характеризующая взаимосвязь макроэкономических и образовательных характеристик определенной страны, сопоставляется с соответствующей системой пока других стран.

Ключевые слова: стратегическая психология, человеческий капитал, современная теория человеческого капитала, глобализация, человеческий потенциал, активизация человеческого фактора.

^{*1}Бердібаева С.Қ., ²Молдағалиев М.Ж., ¹Садықова Н.М.,
³Сатиева Ш.С., ⁴Бердібаев С.Қ., ⁵Белжанова К.А.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

⁴Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

⁵Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: berdybaeva_sveta@mail.ru

АДАМ КАПИТАЛЫН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ

Стратегиялық психология стратегиялық болжау, футурология, саяси және экономикалық психология ретінде 20 ғасырдың соңында қалыптасқан психология ғылымының жаңа саласы болып табылады. Стратегиялық психология туралы ойлар әлемдегі ғаламдық өзгерістер, соның ішінде азаматтар мен олардың басшыларының психологиясында өзгерістер нәтижесінде қалыптасты. Стратегиялық психология қазіргі адамдардың санасы мен мінезін түбегейлі өзгертетін әлемдік психологиялық, экономикалық және мәдени өзгерістердің психологиялық мәні туралы ғылыми білімдер береді. Стратегиялық психологияның назары болашақтың ықпалына түсетін адамға бағытталған. Өмірдің барлық салаларында орын алатын үздіксіз өзгерістер адамды оларға бейімделуге, олардың ықпалы нәтижесінде өзгеруге мәжбүрлейді [1].

Стратегиялық психология, психология оқулықтарының мазмұнына әлі кіргізілмеген адамның күйін зерттейді. Адамды өмірде орын алатын ашаршылық немесе суықтан қаттырақ қорқытатын психологиялық мәселелер бар. Адамның санасында бұл феномендер өзара тығыз байланысты, себебі олардың әрқайсысы басқа феноменнің әсерін үлкейтеді немесе кішірейтеді. Адамның қоғамдық санасында: а) өмір алдындағы қорқынышы; б) өзін жалғыз сезінуі; в) зерігуді ауыр уайымдаушылық; г) терең апатия бірде әлсіреп, бірде күшейе түседі. Аталған феномендердің көріністері адаммен ауыр қабылданады. Оның ішкі қолайсыз сезімдеріне жағдайының нашарлауын сезінетін басқа адамдардың да көзқарастары қосылады.

Қоғам адамының формуласы мынада: 1) өмір алдындағы қорқынышы өмірдің мәнін табумен басылады; 2) жалғыздық өмір құндылығын ұғынумен басылады; 3) өмірлік мақсаттарды алдыға қою өмірден зерігуді жеңеді; 4) өмірлік апатия өмірлік күшінің пайда болуымен басылады.

Стратегиялық адамның формуласы мынадан көрінеді: 1) егер өмір алдындағы қорқынышы өмірдің мәнін табумен басылатын болса, онда мәннің өзі өмір құндылықтарына өмірлік мақсаттардың туындысы болып табылады; 2) жалғыздық

өмір құндылығын ұғынумен басылатын болса, өмір құндылықтарының өзі оның мақсаттарына өмір мәнінің қатынасына қарағанда жеке болып табылады; 3) өмірлік мақсаттарды алдыға қою өмірден зерігуді жеңетін болса, онда өмірдің құндылықтары оның мақсаттарына өмір мәнінің қатынасы болып табылады; 4) өмірлік апатия өмірлік күшінің пайда болуымен басылатын болса, өмірлік күш өмір мәнінің оның мақсаттарына туындысы болып табылады.

Қазіргі уақытта қорқыныш мәселесі жоғалмай, керісінше күшейе түсті. Біздің замандас, әйгілі футуролог А. Тоффер, өмір алдындағы жаңа қорқыныш түрі – Болашақ алдындағы қорқыныш туралы жазады: «Жаңа сезімдер мен бастан кешірулер әсерінен психикасы сау адам ақиқатты жасандыдан ажырату қабілетінен айырылады. Адам аяқ астынан жерді жоғалтқанын сезінеді, себебі әдеттегі психика түсінігі, әдеттегі өмір енді әдеттегі болып саналмайды.

Өзгерістер ағыны футурошоктың құрбаны болған адамдардың өміріне бұған дейін белгісіз болған қиындықтарды туғызады» (Toffler A. *Future Shock*. – L., 1971). Қорқыныш сезімі ішімдік ішу, нашақорлық, құмар ойындар, зорлық арқылы одан қашудың ауыр формаларына алып келеді.

Өмір мәнінің биіктігінен қарағанда, ішімдікке құмарлық, нашақорлық және т.б. онымен салыстырғанда түкке тұрмайтын қуаныштарға алып келеді. Алайда, өмір мәнінің биіктігін құрастыру ерекше қиын – адамзаттың тірі қалуы үшін шешілуі тиіс ең ауыр міндеті болып табылады. Бірақ та шешілетін мәселе. Өмір мәнін ұғыну тереңірек болған сайын, шолу биіктігі жоғарылай түседі, қорқыныш сезімі әлсіздене түседі.

Жалғыздықты жеңу тәсілдері де құпия болып табылмайды, ол адамға басқа адамдарды тартатын өмір құндылықтары. Жалғыздық себептері жалғыз адамның өзінде шоғырланады. Зерігу – бұл өмір уақытының тоқтауы, оны тек екі жолмен жеңіп шығуға болады. Мақсат – ол мәнді тұрақтылық жағдайынан құндылықтар арқылы динамикаға өткізу аппараты. Мақсаттың жоқтығы адамды, қаланы, мемлекетті жағдайлардың, бассыздықтың құрбаны қылады.

Психоаналитиктер зерігуді индивид өзін толықтай қызығушылық туғызатын заттарды таба ламаған кезде туындайтын эмоция ретінде терең және нақты түсіндіреді. Олардың пікірі бойынша, невротикалық зерігу – инстинктивті мақсат болмаған кезде туындайтын инстинк-

тивті күшейу жағдайы. Зерігу қоғам өмірінің барлық салаларын тоқырауға ұшыратады және қоғамдық, зерттеушілік және жеке процестерді тоқтатады. Адам интуитивті түрде оның тұлғасының құлдырауы, жүріс-тұрыстың қылмыстық формасына жүгіну арқылы зерігумен күресуге тырысады.

Апатия бір уақытта: мемлекеттік проблема және адам ауруының белгісі. Адамдардың көп бөлігі апатияға түскен кезде, мемлекет те апатияға түседі, ондай кезде мемлекет ғаламдық өзгерістердің әлемдік процестерінен шығады, әлемнің тарихи аренасынан кетеді.

Қазіргі уақытта техносфера, биосфера, қоғамда адам болашағы туралы сұрақтар туғызатын елеулі өзгерістер орын алып жатыр. Стратегиялық психологияның түйінді сұрақтарының бірі болашақта әлем және онда тұратын адам қандай болады. Стратегиялық психологияның негізгі мәселелерінің бірі: адам капиталының психологиясы.

Тар мағынада адам капиталы – бұл интеллект, денсаулық, білім, сапалы және өнімді еңбек, және өмір сапасы [2]. Адам капиталының түсінігі адам факторлары мен ресурстарының топтастырылуы мен дамуының нәтижесі болып табылады, бірақ адам капиталы кеңірек экономикалық санатқа жатқызылады [3].

«Адам факторы», «адам капиталы» және «адам мүмкіндіктері» түсініктері өзара қалай арақатынасқа түседі? Олардың басты ерекшелігі қоғамда адам факторы көбінесе өндірістік технологиялармен арақатынаста болуымен сипатталады. Адам капиталы басқа ресурстармен қатар қалыптасқан жүйелерді қамтамасыз етуге бағытталған бағаланатын экономикалық ресурс ретінде танылады.

Ал адам мүмкіндіктері- индивидтің өмір сапасының жоғарылауын және қоғамдық жүйелерді кең қолданылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамның, жекелеген әлеуметтік топтардың және жалпы қоғамның рухани және физикалық күштерінің жүйесі [4].

Адам капиталының қажет параметрлері өмірдің барлық салаларында ғаламдық өзгерістер әсерінен модернизацияланатынын ескеру ерекше маңызды. Әлемдегі ғаламдық өзгерістердің жүйесін оның элементтерінің өзгерістері айқындайды: ғылым, мәдениет, дін және өркениет. Адамның адекваттылығы – ол адамның ғаламдану әсерінен үздіксіз өзгеріске түсетін өркениет, дін, мәдениет және ғылымның қазіргі жағдайына индивид, субъект, тұлға және жеке адам ретіндегі сәйкестілігі.

Ғаламдану адамнан оны өмірде «дәл осы жерде және осы уақытта» адекватты адам ретінде қабылданатындай адам капиталының қасиеттерінің төрт параметрінің үздіксіз дамуын талап етеді. Өркениет, ғылым, мәдениет, діннің ғаламдық өзгерістерінен кішкене ғана қалуы оны бәсекелестік қабілетінен айырады. Адам капиталы өмірдің ғаламдық өзгерістердің талаптарына бейімделуін көрсететін индикаторлардың қажеттілігі айқын болып тұр.

Адамның ғаламдық өзгерістерге бейімделуінің индикаторлары болып әлем бейнесі (жеке адамның оқуға қабілеттілігінің индикаторы), көзқарасы (тұлғаның инновацияларға қабілеттілігінің индикаторы), өмір сүру салты (индивидтің өмір сүру қабілеттілігінің индикаторы), өмірлік ұстаным (субъектінің жұмыс істеу қабілеттілігінің индикаторы) табылады.

Ғылыми-тәжірибелік маңызы адам және адам капиталы халықаралық ауқымда экономистер, әлеуметтанушылар, демографтармен жанама, экономикалық және әлеуметтік белгілері бойынша бағаланатынында болып тұр. Адамды бағалау нәтижелерінде оның қасиеттерінің тікелей психологиялық өлшемдері қолданылмаған, бұл өз кезегінде басып шығарылған мәлеметтерді ғана емес, сонымен қатар ондай бағалаудың идеясына да күмән келтіреді.

Психологтар адам қасиеттерін өлшеуде қатыспайды, алайда жүздеген жылдар бойы когнитивті процестерді, тұлғаның қасиеттерін, психикалық жағдайын және т.б. өлшеудің құралдарын дамытқан. Бүгін де халықтың жағдайының психологиялық көрсеткіштері, жалпы алғанда, олардың жоқтығына байланысты мемлекеттік шешімдер қабылданған кезде мүлдем есепке алынбайды.

Ұйымдарда адамның немесе адам мүмкіндіктерінің дамуын өлшейтін психологтардың болмауы психология ғылымының өз алдына көпшіліктен туындайтын құбылыстарды психологиялық өлшеуді мақсат қылып қоймаған, сондықтан қазіргі таңда мұндай жұмысты орындау үшін теория мен практикасын дамытпағандығымен түсіндіруге болады [5].

Адам капиталының төрт психологиялық қасиеті зерттелген (В.А. Ганзен): жұмыс қабілеттілігі (субъект), оқуға қабілеттілігі (жеке тұлға), өмір сүру қабілеттілігі (индивид), инновацияларға қабілеттілігі (тұлға).

1. Индивидтің сипаттамаларының жиынтығы адамның өмір сүруге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саналады.

2. Субъект сипаттамаларының жиынтығы адамның жұмыс істеуге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саналады.

3. Тұлғаның сипаттамаларының жиынтығы адамның экономикалық-саяси инновацияларға қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саналады.

4. Жеке тұлғаның сипаттамаларының жиынтығы адамның оқуға қабілеттілігі ретінде саналады [6].

Жұмыс қабілеттілігі, оқуға қабілеттілігі, өмір сүру қабілеттілігі, инновацияларға қабілеттілігінің көрсеткіштерінің жиынтығы адам капиталының қасиеттерінің интегралды көрсеткішін береді (АКҚИК).

Өмір сүру қабілеттілігін денсаулық сақтау жүйесі арқылы медициналық араласу және превентивті, профилактикалық әрекеттермен қамтамасыз етуге болады, алайда адамның денсаулығының физикалық жағдайына қарамастан, оған өмірге деген ынтасын қайтару керек. Жұмыс істеу қабілеттілігі субъективті көрсеткіштер бойынша адам жұмыс істеуге дайын, мықты, өзіне-өзі сенімді болып көрінеді, ал объективті көрсеткіштер бойынша ол жұмыс істеуге дайын емес болып шығады.

Инновацияларға қабілеттілік адамның қоршаған ортадағы өзгерістерге тез бейімделуінен көрінеді. Осыған сәйкес, инновацияларға қабілеттіліктің көрсеткіштерінің ең маңыздысы – әлеуметтік-психологиялық бейімделудің тұлғалық потенциалы (ТБП – тұлғалық бейімделу потенциалы), ол индивидтің бейімделу мүмкіндіктерін тұлғаның психикалық және әлеуметтік дамуының интегративті ерекшеліктерін көрсететін психофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларының негізінде бағаланады.

Тұлғалық бейімделумен қатар, инновацияларға қабілеттілік, яғни қоршаған әлемнің жаңа заңдылықтарын қабылдау қабілеттілігі, әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың қаншалықты қабылданғанына байланысты.

Оқуға қабілеттілік – адам капиталының төртінші қасиеті. Өз алдына мақсат қойып, оған жету қабілеттілігі оқуға қабілеттіліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Адам капиталы әрбір адамның өмірінде маңызды рөл ойнайды.

Адам капиталы – бұл әркімге тән білім, дағды мақсаттарының қоры. Барлық дамыған мемлекеттер адам капиталына қомақты қаржыны инвестициялайды. Инвестициялар ретінде білім беру, кәсіби тәжірибенің қоры, денсаулықты сақтау, географиялық мобильділік, ақпаратты іздеу қарастырылуы мүмкін.

Адам капиталының ерекшеліктері: қазіргі кезде адам капиталы қоғамның басты құндылығы және экономикалық өркендеудің басты факторы болып табылады; адам капиталын қалыптастыру адамның өзінен және бүкіл қоғамнан үлкен шығындарды талап етеді; адам капиталы дағды мен қабілеттіктер ретінде белгілі бір қор болып табылады, яғни жинақталушы болуы мүмкін; адам капиталы оны иеленуші тірі адам тұлғасынан бөлінбейді. Адам капиталының өмір сүруінің және дамуының басты факторы болып адам капиталына инвестицияларды құю табылады.

Адам капиталы әрбір адамның өмірінде маңызды рөл ойнайды. Адам капиталы- бұл әркімге тән білім, дағды, мақсаттарының қоры. Инвестициялар ретінде білім беру, кәсіби тәжірибенің қоры, денсаулықты сақтау, географиялық мобильділік, ақпаратты іздеу қарастырылуы мүмкін. Адам капиталы туралы қазіргі теорияның шектерінде адам капиталына салымдардың көлемін ғана емес, сонымен қатар индивидуумның адам капиталын жинауының көлемін де бағалау қажеттілігі туындайды.

Алайда, адам капиталының жалпы көлемінің бағасын бір индивидууммен қатар, бүкіл мемлекет үшін де санайды. Осыған сәйкес белгілі бір мемлекеттің макроэкономикалық және білім беру сипаттамаларының өзара байланысын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі басқа мемлекеттердің көрсеткіштерінің сәйкес жүйесімен салыстырылатын мемлекетаралық салыстыру әдістері кеңінен қолданылады.

Адам капиталын қалыптастырудың қазіргі стратегиялары нақты өндірістік процесте жауап беретін және ескіретін кәсіптік даярлыққа емес, жаңа шарттарға жеңіл бейімделуді қамтамасыз ететін жалпы даярлыққа инвестициялау тиімділігіне негізделеді. Адамдарды еңбек нарығында қойылатын талаптардың кәсіптік құрылысын болжаумен қатар қайта оқытылатындарды болжамдардың негізінде туындай түрде бағыттаудың орнына, оларға еңбек нарығында бастапқы білім мен дағдылардан бағдар беріп, еңбек нарығында белсенді ізденуге даярлау маңызды.

Мұндай ақпарат тәрбиелеу, білім беру, мәдениет және медицина мекемелерінде адам капиталын қалыптастыру мен жинақтаудың жүйесін дамыту үшін қажет. Адам капиталын дамытусыз әлемдік экономикалық кризистен үлкен шығындарсыз шығу мүмкін емес. Бұл ақпарат адам және адам мүмкіндіктерін бағалауда біріншілікті сабақтас ғылымдар әлеу-

меттану мен экономикаға берген психология ғылымының өзіне қажет болып табылады.

Осы және басқа ғылым салалары халықтың жағдайы туралы қорытындыларды оның нағыз психикалық жағдайы туралы нақты өлшемдерді білмей қосымша және жанама белгілері бойынша береді. Тек тікелей зерттеу нәтижелері адам және қоғамның психологиялық жағдайын, экономика мен әлеуметтанумен алынатын тұтыну көрсеткіштері арқылы олардың жағдайын бағалау нәтижелерін емес, когнитивті процестердің даму сатылары, психикалық жағдайы және психологиялық қасиеттерінің құрылысының көрсеткіштері арқылы дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес, адам капиталының түсінігі жалпы және жүйеленген түрде келесі белгілерді сипаттауы мүмкін: адамның білімі және оның білім деңгейін үздіксіз жоғарылатуға қабілеттілігі; даму және толықтыру динамикасында білімдер, дағды және шеберліктің кәсіптік жүйесі, біліктілік деңгейі, кәсіптік қызметінің рөлдік құрылысы мен функцияларға дайындығы; тұлғаның жеке қасиеттерінің дамуы, мобильділік, мақсаттылық, абыройы мен денсаулығы; білім алудың және қабілеттерінің дамуының, даму мен жетілдірудің мақсаттылығы нәтижесі ретінде шығармашылық мүмкіндіктері; қызметтің мәдениетін сипаттайтын мекемедегі әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас; құндылықтар жүйесінің құрамдас бөліктері.

Адам факторының жандандырылуын, белгілі бір уақыт кезеңіне сәйкес, қызметкердің еңбегінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері жағынан талдау қажет. Мұндай жағдайда кәсіпорынның экономикалық мүмкіндіктерін техникалық деңгейінің өсуі емес, жаңа білімдерді қолдану, ойлап шығару қабілетімен ерекшелінетін адам факторы анықтайды.

Адам капиталы бұл адамның жинақтаған және инвестициялар салу нәтижесінде қалыптасқан, қызметкердің дәрежесінің өсуіне апаратын, қоғамдық қалпына келтірудің белгілі бір саласында қолданылатын, өндірістің және оның еңбек сапасының өсуіне септігін тигізетін және соның негізінде адамның табысының ұлғаюына алып келетін денсаулық, білім, дағды, қабілеті, мотивациясының белгілі қоры.

Мемлекеттік, отбасылық, жеке және басқа болуы мүмкін қалыптасу көздеріне тәуелсіз, адам капиталын қолдану және тікелей табыс алу адамның өзінің бақылауында болуы керек.

Әдебиеттер

- 1 Стратегическая психология глобализации: Психология человеческого капитала: учеб. пос. / под ред. А.И. Юрьева. – СПб., 2006. – 512 с
- 2 Добрынин А.И., Дятлов С.А., Цыренова Е.Д. Человеческий капитал в транзитивной экономике: формирование, оценка, эффективность использования. – СПб.: Наука, 2009. – 300 с.
- 3 Барановский А.И., Вольвач В.Г. Инновационный вуз на рынке образовательных услуг. – Омск: Изд-во Омского экономического института, 2005. – 171 с.
- 4 Задорожнюк И.Е., Шингаров Г.Х. Понятия «человеческий фактор», «человеческий капитал» и «человеческий потенциал». www.conf.muh.ru
- 5 Бреслав Л.Б. Человеческий капитал: организация и эффективность накопления в условиях формирования рынка труда. – СПб.: ОАО «ПФЛ», 2002. – 162 с.
- 6 Ганзен В.А. Системные описания в психологии. – Л.:ЛГУ, 1984 (эл.книга)

References

- 1 Strategicheskaja psihologija globalizacii: Psihologija chelovecheskogo kapitala: ucheb.pos. / pod red. A.I. Jur'eva. – SPb., 2006. – 512 s
- 2 Dobrynin A.I., Djatlov S.A., Cyrenova E.D. Chelovecheskij kapital v tranzitivnoj jekonomike: formirovanie, ocenka, jeffektivnost' ispol'zovanija. – SPb.: Nauka, 2009. – 300 s.
- 3 Baranovskij A.I., Vol'vach V.G. Innovacionnyj vuz na rynke obrazovatel'nyh uslug. – Omsk: Izd-vo Omskogo jekonomicheskogo instituta, 2005. – 171 s.
- 4 Zadorozhnjuk I.E., Shingarov G.H. Ponjatija «chelovecheskij faktor», «chelovecheskij kapital» i «chelovecheskij potencial». www.conf.muh.ru
- 5 Breslav L.B. Chelovecheskij kapital: organizacija i jeffektivnost' nakoplenija v uslovijah formirovanija rynka truda. – SPb.: ОАО «PFL», 2002. – 162 s.
- 6 Ganzen V.A. Sistemnye opisanija v psihologii. – L.:LGU, 1984 (jel.kniga)